

Мәмәйт Омаров атындағы селолық округі әкімінің 2009 жылғы 22 қазандағы "Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Дөнентаев, Сырлы-қала, Көктерек және Евден ауылдарындағы көшелерге атаулар беру туралы" N 1-08 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округі әкімінің 2011 жылғы 14 маусымдағы N 1-10 шешімі. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 15 маусымда N 12-2-177 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына сәйкес, Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Евден шағын ауылы тұрғындарының пікірін есепке ала отырып, ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Мәмәйт Омаров атындағы селолық округі әкімінің 2009 жылғы 22 қазандағы " Ақсу қаласы Мәмәйт Омаров атындағы селолық округінің Дөнентаев, Сырлы-қала, Көктерек және Евден ауылдарындағы көшелерге атаулар беру туралы" N 1-08 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2009 жылғы 2 желтоқсанда N 12-2-117 болып енгізілді, "Ақжол" – "Новый путь" қалалық газетінде 2009 жылғы 12 желтоқсанда N 94 (783) жарияланды) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

көрсетілген шешімнің 1-тармағының 4—абзацы алынып тасталсын.

2. Осы шешім ол алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мәмәйт Омаров атындағы
селолық округінің әкімі Ж. Қайырханов